

Мектеп кітапханасының жұмысын талдау

Дінмұхаммед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназиясы кітапханасы мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өз қызметін мектепті дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мектеп кітапханасы екінші қабатта орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы – 255,7 м² абонементтік бөлім мен медиа оқу залы біріктірілген. Оқу залындағы орындар саны – 60.

Жергілікті бюджет арқылы соңғы үш жылдағы кітапхана қорын толықтыру көрсеткіші:

- 2023-2024 оқу жылында 16146002 теңге сомасына 5549 дана оқулық алынды,
- 2024-2025 оқу жылында 14467592 теңге сомасына 5210 дана оқулық алынды,
- 2025-2026 оқу жылында 42835678 теңге сомасына 11131 дана оқулық алынды.

2023-2024 оқу жылында кітапхананың негізгі қоры 3460954,32 теңге сомасына көркем әдебиеттің 1106 данасына, 2024-2025 оқу жылында кітапхананың негізгі қоры 747327 теңге сомасына көркем әдебиеттің 232 данасына толықтырылды.

Кітапхана қорын толықтыру	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы	
	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
Оқулықтар	5549	16 146 002	5210	14467592	11 131	42 835 678
Көркем әдебиеттер	1106	3460954,32	232	747327	-	-

Дінмұхаммед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназиясының негізгі функциялары

1. Мектеп кітапханасының негізгі функциялары: білім беру, ақпараттық және мәдени.
2. Мектептің оқу-тәрбие процесіне кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру мақсатында кітапхананың жылдық жұмыс жоспарларын әзірлеу.
3. Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына сәйкес кітапхана қорын қалыптастыру.
4. Кітапхана қорын дәстүрлі және электронды ақпарат тасығыштардағы әдебиеттермен: оқу, көркем, анықтамалық, ғылыми – танымал, ғылыми – педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен толықтыру.
5. Кітапхана қорының есебін жүргізу. Қорды ұтымды орналастыруды жүзеге асыру, кітапхана қорын сақтау мен сақтаудың тиісті санитарлық-гигиеналық режимін қамтамасыз ету.
6. Кітапхана қорынан ескі, ақаулы, мазмұны ескірген әдебиеттерді алып тастау.
7. Абонементте және оқу залында сараланған кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.
8. Белгіленген ережелерге сәйкес кітапхана оқырмандарына қызмет көрсету ережелерін есебін жүргізу.
9. Оқырмандарды кітапхана ресурстары туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету үшін кітапхана көрмелерін ұйымдастыру, плакаттар, стендтер және т.б. рәсімдеу.
10. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі болып табылады және оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, өндірістік-практикалық әдебиеттерді, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы үшін қосымша әдебиеттерді қамтиды.

Кітапхана қорының соңғы үш жылдағы өсу көрсеткіштері

Бақылау көрсеткіштері	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Кітапхананың жалпы қоры	69 306	75 961	87 116
Көркем, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттер қоры	10 199	11 305	-
Оқулықтар	59 107	64 656	11 155
Оның ішінде электронды оқулықтар	1141	9	756
Оқушылар контингенті	3 760	3 835	3 606

Кітапханашылар туралы мәлімет

Кітапхана меңгерушісі: - Утениязова Г.К. – білімі жоғары – М.Өтеміс атындағы Батыс Қазақстан университеті, мамандығы – кітапхана-ісі, 2014 ж.

Жалпы еңбек өтілі – 21 жыл, осы мекемеде еңбек өтілі – 9 ж.

Кітапханашылар:

1. Ниязова В.Ж. – білімі жоғары – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, мамандығы – филолог, 2009 ж.

Жалпы еңбек өтілі – 16 жыл, осы мекемеде 8 жыл.

2. Берегенов А.Қ. – білімі жоғары – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, мамандығы – тіл білімі бакалавры, 2023 ж.

Жалпы еңбек өтілі – 2 жыл, осы мекемеде 2 жыл.

1. Кітапхана 2 қабат «Г» блокта орналасқан
2. Жалпы ауданы -255,7 м²
3. Оқырмандар орны – 60
4. Кітап қоймасы – бар
5. Оқулықтар қорының қоймасы – бар

Кітапхананың материалдық-техникалық қамсыздандырылуы

№	Құрал жабдықтың атауы	Саны
1	Стеллаж бір жақты	39
2	Стеллажж екі жақты	53
3	Канцелярлық шкаф	1
4	Формулярға арналған шкаф	5
5	Оқырмандарға арналған үстел	40
6	Орындықтар	40
7	Компьютер	20
8	Ноутбук	3
9	Католгтік жәшік	4
10	Тақта (маркерлі)	1
11	Интернет модем	1
12	Газет – журнал шкафы	2
13	Кондиционер	2
14	Түрлі-түсті принтер	1
15	Түрлі – түсті принтер 3/1	1
16	Лэд экран	1
17	Ресепшн	1

Оқулықтар қорымен жұмыс

Кітапханалардың оқу қорын қалыптастыру және жаңарту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

Мектеп оқулықтарының кітапхана қорын есепке алу кітабында оқулықтардың түсімдері қатаң есепке алынады. Оқулықтарды штемпелдеу және өңдеу жүргізіледі. Оқуға түсуіне қарай оқулықтардың электрондық картотекасы толтырылады.

Оқу жылының басында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларына оқулықтарды беру сынып жетекші арқылы ата-анасының біреуінің қолы қойылған ведомость арқылы; 5-11 сынып оқушыларына сынып жетекші арқылы «Алақан» жүйесі арқылы беріледі.

**Үш жыл ішінде оқушылардың оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуінің
бақылау көрсеткіштері:
2023-2024 оқу жылы**

Қазақ тілі оқыту				Орыс тілі оқыту			
Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы	Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы
1	380	13	100	1	74	3	100
2	348	14	100	2	79	3	100
3	336	12	100	3	111	4	100
4	325	13	100	4	75	3	100
5	347	12	100	5	88	3	100
6	372	14	100	6	88	3	100
7	271	10	100	7	73	3	100
8	242	9	100	8	57	2	100
9	213	8	100	9	46	2	100
10	114	4	100	10	25	1	100
11	69	3	100	11	27	1	100
Барлығы	3017	112	100	Барлығы	743	28	100

2024-2025 оқу жылы

Қазақ тілі оқыту				Орыс тілі оқыту			
Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы	Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы
1	377	13	100	1	55	2	100
2	361	13	100	2	70	3	100
3	341	14	100	3	75	3	100
4	302	12	100	4	116	4	100
5	307	11	100	5	77	3	100
6	332	12	100	6	80	3	100
7	354	14	100	7	88	3	100
8	250	9	100	8	72	3	100
9	216	9	100	9	57	2	100
10	147	5	100	10	27	1	100
11	106	4	100	11	25	1	100
Барлығы	3093	116	100	Барлығы	742	28	100

2025-2026 оқу жылы

Қазақ тілі оқыту				Орыс тілі оқыту			
Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы	Сынып	Оқушылар саны	Жиынтықтар саны	Қамтамасыз ету пайызы
1	325	12	100	1	76	3	100
2	329	13	100	2	50	2	100
3	316	13	100	3	64	4	100
4	307	12	100	4	75	4	100
5	262	11	100	5	106	4	100
6	275	11	100	6	79	3	100
7	292	12	100	7	79	3	100
8	299	13	100	8	78	3	100

9	215	9	100	9	64	3	100
10	121	4	100	10	33	1	100
11	134	5	100	11	27	1	100
Барлығы	2875	115	100	Барлығы	927	31	100

Жыл сайын мектеп кітапханасы келесі оқу жылына арналған оқулықтардың жеткіліктілігін анықтау мақсатында оқу қорына талдау жүргізеді. Оқулықтарды, оқу – әдістемелік кешендерді, құралдарды және басқа да қосымша әдебиеттерді, оның ішінде білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың міндетті тізбесіне кіретін атаулар бойынша электрондық жеткізгіштерден сатып алу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Оқулықтардың сақталуының алдын алу мақсатында «Оқулыққа ұзақ өмір!», олардың ата-аналарымен, сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен жеке әңгімелер өткізіледі.

Оқу жылының соңында мектеп кітапханасы оқулықтарды қайтару және келесі оқу жылына оқу әдебиеттерін беру бойынша жұмыс жүргізеді.

Оқырмандармен жұмыс және әдебиетті насихаттау

Кітапхана жыл сайын мектеп директоры бекітетін жылдық жоспар мен жұмыс есебін жасайды. Кітапхананың жылдық жоспары мектептің оқу – тәрбие жұмысының жалпы жылдық жоспарының бөлігі болып табылады.

Кітапхана оқырмандарға абонемент пен оқу залында қызмет көрсетеді. Кітапханаға жазылу кезінде әр оқырманға кітапхананы пайдалану құқығын беретін оқырман формуляры толтырылады. Жаңа оқырмандар кітапхананы пайдалану ережелерімен танысады. Әр оқу жылының басында оқу формуляры қайта тіркеледі.

Соңғы үш жылдағы кітапхананың оқырмандармен жұмысының көрсеткіші:

Бақылау көрсеткіштері	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Кітапхана оқырмандарының саны	3760	3809	4080
Келушілер саны	18182	11991	
Кітап беру	16938	11437	

Көркем әдебиет қоры 2023-2025 жылдары 1338 данаға ұлғайды. Бұл кітапхана оқырмандарының көбеюіне, келушілер санына және кітап беруге әкеледі.

Оқырмандарға қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

- оқырмандардың жұмысы үшін қолайлы жағдай жасау және қолдау;
- оқырмандардың кітапхана қорына еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- оқырмандарға абонементте және оқу залында әдебиеттер беру;
- қордың сөрелерде дұрыс орналасуын сақтау;
- берілген басылымдардың уақтылы қайтаралуын жүйелі бақылау;
- шағын жөндеу жұмыстары.

Мектеп кітапханасының алуан түрлі қызметі рухани-адамгершілік, эстетикалық және патриоттық тәрбиемен тығыз байланысты. Мектептің барлық жоспарланған іс-шараларына кітап көрмелері, кітапханаларға экскурсиялар рәсімделеді, педагогикалық ұжымға және әкімшілікке сынып сағаттарын, пікірталастарды, әдеби кештерді, конкурстарды, викториналарды т.б. өткізуге материалдарды іріктеуге көмек көрсетіледі.

Тілдер күніне орай, «Тіл - ұлттың асыл қазынасы» тақырыбында өткізілген іс-шараға кітап көрмесі ұйымдастырылды.

16 желтоқсан «Тәуелсіздік» күніне орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік және тұңғыш Президент» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2 сәуір – «Халықаралық балалар кітаптары» күніне орай өткізілген іс-шараға кітап көрмесі ұйымдастырылды.

9 мамыр «Ұлы Отан соғысының» батырларына арналған тарихи кеште мектеп кітапханасы жанынан кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҚР «Конституция» күніне орай, «Ата Заңым – Тәуелсіздік, үкілеген үміт» тақырыбында өтілген іс-шараға кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Оқитын өлке» акциясы бойынша Сағи Жиенбаев шығармаларына арналған «Даламның иісі бұрқырап» тақырыбында танымдық сағатқа арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Ерлікке тағзым – ұрпақ парызы» тақырыбында өтілген іс-шараға кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2024 жыл – Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай, «Поэзия әлемінің серігі» тақырыбында протрет кешіне кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында – Қазақстанда оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша 2021-2025 жылдарға арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске қосылды.

«Оқуға құштар мектеп және балалар кітапханасы» жобасы бойынша жұмыс:

2023-2024 оқу жылында кітапханашылар мұғалімдермен бірлесіп төмендегі іс-шараларды өткізді:

а) «Менің алғашқы кітабым» бөліміндегі «Мен оқыған бір кітап» тақырыбындағы кітаптарды дауыстап оқу 1-сынып.

б) 2-3 сыныптар арасында оқыған кітаптарынан «Мен оқыған кітапты сен де оқы», «Әжемнің ертегілері», «Анамның аялы алақаны» атты сахналық қойылым көрсетілді.

в) 4-сыныптар арасында «Оқырман достар», «Өнегелі 15 минут», «Ана қолындағы кітап» атты отбасымен кітап оқу іс-шаралары ұйымдастырылды.

г) 5-9 сыныптар арасында «Кітап – ғұмырлық байлық», «Абай – дана, Абай – дара қазақта», атты поэзия минуттары «Менің үй кітапханамдағы кітаптар» атты презентация бойынша кітаптарға таныстырылым жасалды.

2023-2024 оқу жылында кітапханашылар, сынып жетекшілер бірлесіп төмендегі іс-шараларды өткізді:

1-4 сыныптар үшін: «Кітабыңды күтіп ұста» еркін әңгіме, «Мирас болған мол мұра», «Балдаурен шіркін балалық шақ» мәнерлеп оқу шеруі, «Самый веселый писатель на свете» литературное путешествие, «Тимур и его друзья» квест-игра, «Ғарыш әлеміне саяхат» танымдық сағаты, «Бірлігі жарасқан Қазақстан» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

5-8 сыныптар үшін: «Асыл ұстаз, жазушы - Спандияр Көбеев» поэтикалық марафоны, «Тәкен Әлімқұлов – шебер жазушы» book time, «Поэзия менімен егіз бе едің?» музыкалық кеші, «Алғыс айту адамзаттың асыл қасиеті» караоке, «Шәкен Айманов – қазақ киносының саңлағы» кино time, «Сыр сүлейі – жыр дүлейі» мәнерлеп оқу сайысы, «О великий Шекспир» литературная гостиная, «Ақынға тағзым» поэзия кеші, «Жалт еткен жасын ғұмыр» тарихи кеші ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар үшін: «Каталогтар мен картотекалар әлеміне саяхат» саяхат сабағы, «Путешествие мир Тютчева», «Туған әдебиет жанашыры» танымдық сағаты, «Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі» әйелдер романының салоны, Саттар Ерубаев «Менің құрдастарым» book time.

2024-2025 оқу жылында кітапханашылар, сынып жетекшілер бірлесіп төмендегі іс-шараларды өткізді:

1-4 сыныптар үшін: «Балалар әдебиетінің бағбаны» әдеби-кафе, «Великий мастер слова», «Кітапхана білімпаздар мекені» кітапханалық сабақ, «Кітаппен бірге әлемді танимыз» кітапханалық сабақ, «Bookselsie» челлендж. Кітапхана барлық іс-шараларға кітап көрмелерін ұйымдастырды.

5-8 сыныптар үшін: «Сезім пернелерінің сыры» бейне-кейс, «Бейімбеттің биігі» флешбук, «Абай шығармалары мәңгілік рухани азық» book time, «Сараның сара жолы» әдеби вернисажы, «Муза мен Мұқағали» музыкалық кеші, «Әйел бейнесі – қоғам бейнесі» букеианариумы, «Души прекрасные порывы» литературная гостиная, «Ерлікке тағзым – ұрпақ парызы» тарихи кеші өткізілді.

9-11 сыныптар үшін: «Сатира оның серігі» күлкі сағаты, «Сәкен Сейфуллин туғанына 130 жыл» танымдық сағат, «Эталон казахский литературы», «Қазақ КСР халық суретшісі» танымдық сағаты өткізілді.

2025-2026 оқу жылының қыркүйек, қазан айларында кітапханашылар, сынып жетекшілер бірлесіп төмендегі іс-шараларды өткізді:

1-4 сыныптар үшін: «Кітабыңды күтіп ұста!», «Кітапхана-білімпаздар мекені» тақырыбында кітапханалық сабақ, «Балалар бағының бағбаны» танымдық сағат.

5-8 сыныптар үшін: «Тіл – ел жүрегі», «Әуелбек Қоңыратбаев – түркітанушы ғалым», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Қызықты кітап» викториналық ойыны, «Мен жастарға сенемін» book time.

9-11 сыныптар үшін: Жұбан Молдағалиевтың туғанына 105 жыл толуына орай «Көркем сөздің шебері», жазушы, прозаик Тынымбай Нұрмағамбетов 80 жыл толуына орай кітап көрмесі, «Текті сөздің иесі -Тәкен» танымдық сағат, «Балалар кітапханасы» жобасы «Демалыста кітап оқимыз» іс-шарасы ұйымдастырылды.

Ақпараттық жұмыс

Мектеп кітапханасы ақпараттық жұмысқа үлкен көңіл бөледі және жүйелі түрде жүргізеді.

- Кітап тандауда оқырмандарға ұсыныс жасау;
- Жаңа кітаптарға таныстырылым жасау;
- Жеке оқушымен жүйелі жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларымен жұмыс жасау.

Мектеп кітапханасы педагогикалық ұжыммен және ата-аналармен жүйелі түрде жұмыс жасайды.

Мектеп кітапханасы қорынан және интернет ресурстары бойынша педагогтарға, оқушыларға кеңестік көмек көрсетіледі.

Электронды ресурстарны пайдалану

Мектеп кітапханасы жұмысында қолданылады: «MARK-SQL электронды кітапханасы», 2024-2025 оқу жылында енгізілген «Алақан» жүйесі арқылы түгендеу жұмыстары жүргізіледі. Барлық өткізілген іс-шаралар мектеп сайтының «Кітапхана бөліміне» және [biblioteka_school_d.konaev](#) инстаграмм, фейсбук парақшаларына жарияланды.

Жалпы қорытындылар мен ұсыныстар:

- 1.Мектеп кітапханасы пайдаланушыларға қажетті ақпараттық материалдарды ұсыну бойынша үлкен жұмыс атқарады.
- 2.Кітапхананың педагогикалық ұжыммен және оқушылармен байланысы артты.
- 3.Кітапхана қорды көркем және балалар әдебиетімен толықтырылып отырады.
- 4.Ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін, пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.